

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (1)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзи Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбаев – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отеева Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Қонырбеков Медет Жаугааштыұлы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жуматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор тюркских языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Конырбеков Медет Жаугаитиевич

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM**Editor-in-Chief**

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

- Abil Erkin Amanzholovich* – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)
Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)
Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)
Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)
Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)
Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)
Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)
Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)
Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)
Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)
Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)
Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)
Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)
Oteпова Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)
Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)
Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)
Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)
Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)
Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)
Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)
Shotanova Galiya Aitzhanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanyshev Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengaliyevna
Chernienko Denis Arkadyevich
Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich
Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Konyrbekov Medet Zhaugashtievich
Zikirbaeva Venera Serikovna
Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhly
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 2. Pp. 460–473
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_2_460-473

XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ТАЙПА БЕКТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Мендигуль Сағатовна Ногайбаева¹, Ысмағолла Нұрланұлы Түменбай²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: nmskaz1129@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты
<https://orcid.org/0009-0003-3267-0164>. E-mail: ysmatolla2000@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Ногайбаева М.С., Түменбай Ы.Н., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада XIV–XV ғасырлардағы Алтын Орда мемлекетінің саяси жүйесіндегі трансформациялық үдерістер мен Шыңғыстық идеологияның әлсіреуі аясында тайпа бектерінің қараша бек, ұлыс бек және беклербек сияқты жоғары лауазымдар арқылы мемлекеттік басқарудағы рөлінің артуы талданады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеу жұмысының мақсаты – XIV–XV ғасырлардағы Алтын Орда мемлекетінің саяси жүйесінде орын алған эволюциялық өзгерістерді талдау және осы кезеңде тайпа бектерінің мемлекеттік басқарудағы орны мен ықпалын айқындау болып табылады. Мақалада қойылған ғылыми міндеттер – тайпа бектері иеленген қараша бек, ұлыс бек және беклербек секілді лауазымдардың қызметтік сипаттамасын нақтылау, олардың билік иерархиясындағы орны мен әлеуметтік-саяси мәртебесін анықтау, саяси жүйедегі өзгерістерді ислам діні мен қыпшақтану үдерісі аясында саралау, сондай-ақ аталған трансформациялық үдерістердің Еуразия кеңістігіне тигізген тарихи ықпалын көрсету. *Нәтижелер.* Алтын Орда тарихындағы трансформациялық процестер Еуразия кеңістігіндегі саяси, экономикалық және мәдени өзгерістердің негізгі қозғаушы күші болды. Тайпа бектерінің саяси өмірдегі ықпалы мен билік құрылымының эволюциясын тереңірек талдау олардың аймақтағы тарихи оқиғалардағы маңызды рөлін көрсетеді. *Қорытынды.* Тайпа бектерінің қызметін зерттеу XIV–XV ғасырлардағы Алтын Орда мемлекетінің саяси жүйесінде орын алған құрылымдық өзгерістерді терең түсінуге жол ашады және түркілік мемлекеттік дәстүрінің эволюциялық сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Алтын Орда, бектер, беклербек, әмірлер, қараша бек, басқару жүйесі, әлеуметтік құрылым, қыпшақтану

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XIII–XV ғасырлардағы Жошы ұлысының этносаяси және әлеуметтік-экономикалық тарихын

зерттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR24992878).

Дәйексөз үшін: Ногайбаева М.С., Түменбай Ы.Н. XIV–XV ғасырлардағы Алтын Орданың саяси жүйесінің эволюциясы: тайпа бектерінің ықпалы // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 2. 460–473-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_460-473

ЭВОЛЮЦИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В XIV–XV ВЕКАХ: ВЛИЯНИЕ ПЛЕМЕННЫХ БЕКОВ

Мендигуль Сагатовна Ногайбаева¹, Ысмаатолла Нурланович Түменбай²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, проспект аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
<https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: nmskaz1129@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, проспект аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
Докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби
<https://orcid.org/0009-0003-3267-0164>. E-mail: ysmatolla2000@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Ногайбаева М.С., Түменбай Ы.Н., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются трансформационные процессы в политической системе Золотой Орды в XIV–XV веках, а также усиление роли племенных беков в государственном управлении на фоне ослабления чингисидской идеологии через такие высшие должности, как карачи-бек, улус-бек и беклярбек. *Цель и задачи.* Целью исследования является анализ эволюционных изменений в политической системе Золотой Орды в XIV–XV веках и выявление роли и влияния племенных беков в государственном управлении в этот период. Научные задачи, поставленные в статье, заключаются в характеристике функциональных особенностей должностей, занимаемых племенными беками, таких как карачи-бек, улус-бек и беклярбек, в определении их положения в иерархии власти и социально-политического статуса, в анализе изменений в политической системе в контексте распространения ислама и процесса кипчакизации, а также в выявлении исторического влияния указанных трансформационных процессов на евразийское пространство. *Результаты.* Трансформационные процессы в истории Золотой Орды стали основным двигателем политических, экономических и культурных изменений в Евразийском пространстве. Углубленный анализ влияния племенных беков на политическую жизнь и эволюции структуры власти демонстрирует их важную роль в региональных исторических событиях. *Заключение.* Изучение деятельности племенных беков позволяет глубже понять структурные изменения, произошедшие в политической системе Золотой Орды в XIV–XV веках, а также проследить эволюционную преемственность тюркской государственнической традиции.

Ключевые слова: Золотая Орда, беки, беклярбек, эмиры, карачи-бек, система управления, социальная структура, кипчакизация

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Изучение этнополитической и социально-экономической истории Улуса Джучи в XIII–XV веках» (индивидуальный регистрационный номер: BR24992878).

Для цитирования: Ногайбаева М.С., Түменбай Ы.Н. Эволюция политической системы Золотой Орды в XIV–XV веках: влияние племенных беков // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 2. С. 460–473 [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_460-473

THE EVOLUTION OF THE POLITICAL SYSTEM OF THE GOLDEN HORDE IN THE XIV-XV CENTURIES: THE INFLUENCE OF TRIBAL BEKS

Mendigul Sagatovna Nogaybayeva¹, Ysmatolla Nurlanuly Tumenbay²

¹Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: nmskaz1129@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctoral Student at Al-Farabi Kazakh National University
<https://orcid.org/0009-0003-3267-0164>. E-mail: yamatolla2000@gmail.com

© Valichanov IHE, 2025

© Nogaybayeva M.S., Tumenbay Y.N., 2025

Abstract. *Introduction.* The article elucidates the transformational processes in the political system of the Golden Horde in the XIV-XV centuries, as well as the strengthening of the role of tribal beks in state governance amid the decline of Chinggisid ideology through such high-ranking positions as karasha-bek, ulus-bek, and beklerbek. *Purpose and Objectives.* The aim of the article is to analyze the evolutionary changes in the political system of the Golden Horde during the XIV-XV centuries and to identify the role and influence of tribal beks in state administration during this period. The objectives of the article are as follows: to characterize the functional features of positions held by tribal beks, such as karasha-bek, ulus-bek, and beklerbek; to establish their place in the hierarchy of power and their socio-political status; to analyze changes in the political system in the context of the spread of Islam and the process of Kipchakization; and to reveal the historical impact of these transformational processes on the Eurasian space. *Results.* The transformational processes in the history of the Golden Horde became the main driving force behind political, economic, and cultural changes across the Eurasian space. A deeper analysis of the influence of tribal beks on political life and the evolution of the power structure demonstrates their significant role in regional historical developments. *Conclusion.* The study of the activities of tribal beks allows for a deeper understanding of the structural changes that took place in the political system of the Golden Horde during the XIV-XV centuries, and helps trace the evolutionary continuity of the Turkic state tradition.

Keywords: Golden Horde, beks, beklerbek, emirs, karachi-bek, governance system, social structure, Kipchakization

Acknowledgment: This article was prepared within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic «Study of the Ethnopolitical and Socioeconomic History of the Ulus of Jochi in the 13th–15th Centuries» (individual registration number: BR24992878).

For citation: Nogaybayeva M.S., Tumenbay Y.N. The Evolution of the Political System of the Golden Horde in the 14th-15th Centuries: The Influence of Tribal Beks // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 2. Pp. 460–473 [in kaz.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_460-473. [in Kazakh].

Кіріспе. Алтын Орданың әкімшілік-басқару жүйесінде көшпелі және отырықшы, моңғолдық және мұсылмандық мемлекеттік дәстүрлердің өзара байланысы көрініс тапты. Бұл жүйе мемлекеттің әртүрлі тайпалар мен көпконфессиялардан тұратын қоғамды тиімді басқаруға және біртұтас саяси құрылым қалыптастыруға мүмкіндік берген маңызды фактор болды. Алтын Ордада орталық биліктің күшею деңгейі, хан билігінің өкілеттіктері мен шектеулері, сондай-ақ тайпа бектерінің саяси және әкімшілік басқарудағы рөлі жөнінде ғалымдар арасында әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. XIV ғасырда моңғолдық «ноян» атауының орнына түркілік «бек» терминінің қолданысқа енуі маңызды құбылыс ретінде қарастырылды. Бұл атау көне түркі жазбаларында ерте кезендерден бастап көрініс табады және түркілік мемлекеттік дәстүрлердің Алтын Орда билік жүйесіндегі ықпалының күшеюін айғақтайды. Сонымен қатар ислам дінінің кең таралуы мен қыпшақтану үдерісінің күшеюі мемлекеттік басқару құрылымында маңызды өзгерістерге әкелді. Осы тарихи факторлардың

ықпалымен тайпа бектері қараша бек, ұлыс бек және беклербек сияқты жоғары лауазымдарға ие болып, мемлекеттік басқарудағы рөлдері арта түсті. Мақалада бұл құбылыстардың тарихи мәні мен салдарлары талданады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық және тарихи-жүйелік, т.б. әдістер қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс Алтын Ордадағы тайпа бектерінің саяси ықпалын басқа көшпелі империялармен салыстыра қарастыруға мүмкіндік берді. Мұндай салыстыру арқылы исламның мемлекеттік құрылымға әсері мен қыпшақтану үдерісінің ұқсас тарихи жағдайлардағы ролі туралы тың тұжырымдар жасауға жағдай жасалды. Тарихи-типологиялық әдіс Алтын Ордадағы тайпа бектерінің лауазымдары мен қызметтерінің типологиясын жасау арқылы, олардың әлеуметтік-саяси мәртебесі мен атқарған міндеттерін жүйелеуге көмектесті. Бұл бағыттағы зерттеулердің нәтижесінде тайпа басшыларының әртүрлі дәрежедегі саяси және әкімшілік қызметтерге тағайындалу заңдылықтары мен ерекшеліктері айқындалды. Тарихи-жүйелік әдіс Алтын Орданың саяси құрылымын тұтас жүйе ретінде қарастыруға, оның ішкі ұйымдасуы мен билік институттарының өзара байланыстарын тереңірек талдауға негіз болды. Осы әдісті қолдану арқылы, мемлекеттік басқарудың ішкі динамикасы мен оның түрлі институттарының өзара әрекеттесу ерекшеліктері зерттелді.

Зерттеудің негізгі деректік базасын XIV–XV ғасырлардағы Шығыс авторларының еңбектері құрайды. Атап айтқанда, Ибн Баттута [Ибн Баттута, 1998], Ибн Арабшах, Әл-Омари, Ибн Халдун және Муин ад-Дин Натанзидің шығармаларындағы мәліметтер қамтылды [Сборник материалов..., 1884: 207–251, 365–394, 455–474; Сборник материалов..., 1941: 126–138]. Сонымен қатар, зерттеуде Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» атты еңбегі [Утемиш-хаджи, 1992] және Венеция архивтерінен алынған XIV ғасырдағы құжаттар жинағы [Григорьев, Григорьев, 2002] пайдаланылды.

Қазіргі таңда бұл дереккөздерге жаңаша көзқараспен қарау қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты, ауыз әдебиеті үлгілерін ғылыми айналымға тарту – тақырыпты жаңа қырынан зерделеуге жол ашады. Бұл тұрғыда бек лауазымының әлеуметтік иерархиядағы орны мен маңызын ашуда ежелгі түркі әдебиеті [Ежелгі дәуір әдебиеті, 2013: 7, 11, 14, 21] мен «Едіге» жыры [Бабалар сөзі, 2006: 9–384] маңызды дерек көзі ретінде танылып отыр.

Талқылау. XIV–XV ғасырлардағы Алтын Орданың саяси жүйесі отандық және шетелдік тарихнамада біршама зерттелгенімен, билік жүйесіндегі тайпа бектерінің ролі мәселесі толыққанды әрі жүйелі талдауға түспеген күйінде қалып отыр.

Тайпа әмірлерінің Шыңғыс хан дәуіріндегі Моңғол империясындағы мұрагерлік әскери-әкімшілік ақсүйек өкілдері ретіндегі мәртебесін алғашқылардың бірі болып Б.Я. Владимирцов қарастырып, іргелі еңбегінде көшпелі феодализмнің қалыптасуы мен дамуын талдап, бұл құбылыстың отырықшы халықтардағы феодализмнен мәндік алшақтығы жоқ екенін негіздеген болатын [Владимирцов, 1934]. Бұл тұжырым кейіннен кеңестік және шетелдік тарихнамада түрлі пікіргаластарға арқау болып, жер мен малдың меншіктік сипаты, феодалдық қатынастардың эволюциясы, сондай-ақ көшпелі қоғамдағы таптық құрылым мәселелері төңірегінде қарама-қарсы көзқарастардың қалыптасуына себеп болды.

Қоғамдық қатынастар мәселесінде зерттеушілер арасында әртүрлі тұжырымдар қалыптасқан. Бұл әсіресе Алтын Орда кезеңіндегі көшпелі мемлекеттіліктің дағдарысы мен ыдырау үдерістерін түсіндіруде айқын байқалады. Мәселен, көшпелі империялардың өміршеңдігі отырықшы өңірлердің экономикалық ресурстарына тәуелді болғаны туралы мәселе Т.Д. Барфилдтің еңбегінде қарастырылса [Барфилд, 2009: 176], бұл көзқарасты Н.Н. Крадин өз зерттеуінде қуаттай отырып, XV ғасырда көшпелі өмір салты әлемдік жүйе дамуының талаптарына сәйкес келмегенін көрсетеді [Крадин, 2007: 94]. Сонымен қатар, И.Х. Кемалоғлу өз еңбегінде Жошы ұлысының отырықшы мәдени ортаға тигізген әлеуметтік-мәдени ықпалы мен Алтын Орданың орыс князьдіктерінің бірігуіне ықпал еткен тарихи ролін ерекше атап өтеді [Камалов, 2016: 278].

Түркі-моңғол мемлекеттік жүйесін зерттеу бойынша белгілі ғалым В.В. Трепавлов беклербек қызметін әлеуметтік-саяси институт ретінде қарастырды [Трепавлов, 2014:21-34]. Жошы ұлысындағы билік пен қоғамдық қатынастардың зерттелуін алға жылжытып, кейінгі зерттеулерге теориялық негіз қалаған Ю. Шамиоғлының монографиялық жұмысы болды [Шамильоғлу, 2019]. Бұл зерттеу жалпы Шыңғыстық мемлекеттердің саяси жүйесін, соның ішінде Алтын Ордадағы «қараша бек» институтын құрылымдық-функционалдық тұрғыда қайта қарауға арналған кешенді жұмыс ретінде ерекшеленеді.

Жошы ұлысындағы әскери-әкімшілік құрылымның қалыптасуы мен дамуын зерттеген бірқатар ғалымдар бұл жүйенің түп-тамыры түркілік дәстүрден бастау алатынын алға тартады. Осы бағытта

Г.А. Федоров-Давыдов, Н.Н. Крадин, А.К. Кушкумбаев сияқты зерттеушілердің еңбектерін ерекше атап өткен жөн [Федоров-Давыдов, 1973: 48; Крадин, 1992: 142–143; Кушкумбаев, 2013: 80–95]. Бұл еңбектер нояндар мен әмірлер институтын, олардың ондық жүйеге сай иерархиялық мәртебесін түсінуге мүмкіндік береді.

Шыңғыстық империялардағы әмірлердің құқықтық мәртебесі жөніндегі жаңа пайымдауларды Л.Ф. Абзалов, М.С. Гатин, И.А. Мустахимов және Р.Ю. Почекаев өз зерттеулерінде ортағасырлық құқықтық құжаттар мен нарративтерге сүйене отырып талдайды. Ғалымдар «Дастур ал-катиб» шығармасындағы әмірлерге қатысты жарлықты ғылыми айналымға енгізіп, бұл лауазым иесінің әскери әрі әкімшілік биліктегі орны мен мұрагерлік сипатын, осы арқылы Шыңғыс әулеті дәуіріндегі мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызын нақтылап көрсетеді [Абзалов и др., 2023: 770–798].

XIV–XV ғасырларда «шыңғыстық» идеология өз ықпалын жаңа саяси жағдайда жоғалта бастаған кезеңде жоғарғы билікке ұмтылған әмірлер билікті заңдастырудың негізгі құралы ретінде исламдық факторды алға шығарғаны жөніндегі тұжырымдар Д. ДеВиз пен Р.Ю. Почекаевтың еңбектерінде негізделеді. [DeWeese, 1994: 404; Почекаев, 2009: 147].

Нәтижелер. Моңғол империясы мен Алтын Орда мемлекеттері әскери күштің негізінде құрылғаны сөзсіз. Шыңғыс хан мен оның мұрагерлері үшін Орталық Азия, Шығыс Еуропа, Қытай мен Иран аумақтарын жаулап алу салыстырмалы түрде жеңіл болғанымен, оларды бір орталықтан басқару айтарлықтай күрделі болды. Көптеген көшпелі империялардың негізін қалаған тұлғалардың қайтыс болуымен бірге, мемлекеттің өзі де тарих сахнасынан кетуі кездейсоқ құбылыс емес еді. Шыңғыс ханның кеңесшісі әрі Моңғол империясының әкімшілік басқару жүйесін ұйымдастырушыларының бірі Елюй Чуцайдың «Империяны аттың үстінде құруға болады, бірақ аттың үстінде басқару мүмкін емес» деген нақыл сөзі Алтын Орданың 250 жылға жуық тек әскери күштің негізінде өмір сүрді деген пікірдің қате екенін көрсетеді. Осыған сәйкес, Жошы ұлысындағы әкімшілік-басқару жүйесі XIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап XIV ғасырдың басында нақтыланғанға дейін күрделі өзгерістерге ұшырады.

XIII ғасырда Шыңғыс хан империясынан тараған барлық мемлекеттерде жоғарғы билік қағанның қолында шоғырланды. Билік иерархиясында келесі деңгейде Үгедей, Құлағу, Жошы немесе Шағатай әулеттерінен шыққан хандар тұрды. Моңғолдардың сакральдық дәстүрлеріне сәйкес хан заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігін қатар жүзеге асырған. Көшпелі мемлекеттерді зерттеушілер ханға тән бес негізгі функцияны бөліп көрсетеді: 1) мемлекеттің барлық жеріне иелік ету; 2) соғыс жариялау және бейбіт келісімдер жасау; 3) басқа мемлекеттермен келіссөздер жүргізу; 4) сот билігін жүзеге асыру; 5) заңдар мен жарлықтар шығару [Султанов, 2001: 68–69]. Ханнан кейін Шыңғыс әулетінің басқа мүшелері, одан әрі Шыңғыс әулетімен тікелей туыстық байланысы жоқ, ақсүйектер қатарынан шыққан нояндар (бектер, әмірлер) кірді [Федоров-Давыдов, 1973: 45]. Бұл басқару жүйесі Алтын Ордадағы билік құрылымының күрделілігі мен көпсатылылығын айғақтайды.

Француз философы Ш.Л. Монтескьенің тұжырымына сәйкес, жердің бөлінуі азаматтық заңдар жиынтығының кеңеюіне негізгі себеп болады. Ал жер бөлінісі болмаған халықтарда азаматтық құқықтар жүйесі де шектеулі болып келеді. Мұндай қоғамдарда реттеуші құрылымдарды «заңнан» гөрі «әдет-ғұрыпқа» негізделген жүйе деп атауға болады [Монтескье, 2017: 349]. Сол сияқты, қаған мемлекеттің барлық жерінің иесі ретінде жер мен сол жерде мекендейтін халықты басқаруды нояндарға иелікке беріп отырды. Бұл иелікті берудің басты шарты – нояндардың қаған жүктеген міндеттерді мүлтіксіз орындауы болатын. Ноян лауазымының аталған деңгейдегі маңызын түсіну үшін оның қалыптасу тарихына, яғни Алтын Ордаға дейінгі саяси даму үдерісіне назар аудару қажет. Шыңғыс хан билікке келген кезеңде оның басты мақсаты әскерді реформалау және әкімшілік құрылымды нығайту болды. Бұл реформалардың нәтижесінде әскер ондық, жүздік және мыңдықтар түрінде ұйымдастырылып, әрбір әскери бөлімнің басына ханның өзі тағайындаған қолбасшылар бекітілді.

«Ұлы жасақ» қағидаларына сәйкес, бұл әлеуметтік топтың қалыптасу принциптері айқын белгіленген: «Кімде-кім өз шаңырағын дұрыс басқара алса, ол бүкіл иелікті де басқаруға қабілетті. Он адамды шартқа сай ұйымдастыра алған адам мыңдаған адамды, түменді де тиімді басқаруға қауқарлы» [Хара-Даван, 1991: 68]. Қызметтік өсудің шарттарымен қатар, лауазымнан босату талаптары да нақты көрсетілген: «Өзінің ондығын лайықты басқара алмаған әрбір бек кінәлі деп танылып, оның орнына сол ондықтан басқа адам бек ретінде тағайындалады. Бұл қағида жүзбасыларға, мыңбасыларға және түменбасыларға да бірдей қолданылады» [Хара-Даван, 1991: 68].

Бұл үзінділерден әлеуметтік иерархия құрылымының әскери иерархиямен тығыз байланысты екенін аңғаруға болады. Әлеуметтік топтардың қалыптасу жүйесі тікелей әскери ұйымдастыру қағидаттарына негізделген. Мұндай жүйеде ең маңызды міндет – әскери қызмет болды. Әрбір ноян жоғарғы билеушінің алғашқы бұйрығы бойынша белгіленген сандағы әскерді жасақтауға міндетті еді. Сонымен қатар, ноян өз иелігіндегі жергілікті халықтың еңбегін пайдалану құқығына ие болған. Бұл оған өз малын жаюға немесе шаруашылығында жұмыс күшін қолдануға мүмкіндік берді. Осы басқару құрылымы мен саяси қарым-қатынастар жүйесі мемлекеттің негізіне айналды.

Тарихшылардың басым бөлігінің пікірінше, ноян (әмір, бек) лауазымдары мен Шыңғыс хан енгізген әскерді ұйымдастырудың ондық жүйесі бұл кезеңге дейін түркі тайпалары арасында кеңінен қолданылған. Жошы ұлысында аталған құрылымдардың сақталуын аймақтағы ежелгі түркі дәстүрлерінің ықпалы ретінде қарастыруға болады. Бұл мәселе Г.А. Федоров-Давыдовтың зерттеуінде жан-жақты қарастырылған. Ол өз еңбегінде: «Әскерді ондыққа, жүздікке, мыңдыққа, он мыңдыққа бөлу – Орта Азия көшпелілерінің ғасырлар қойнауынан келе жатқан әдеті. Шыңғыс ханның бұл жүйеге қосқан жаңалығы – ұзақ тарихи процестер барысында әскери ұйымдастыру қатынастарын ретке келтіріп, оны бекітуінде», – деп жазады [Федоров-Давыдов, 1973: 48].

Ресейлік көшпелітанушы Н.Н. Крадин бұл жүйенің құрылымдық маңыздылығын атап өтеді: «Он саны есеп жүйесін жүргізумен қатар, қоғамдық құрылымдарды ұйымдастыру тұрғысынан да өте қолайлы болып табылады. Ондық жүйенің тиімділігі әскери қатынастардың иерархиялық жүйесінде ерекше байқалады. Құрылымы жақсы ұйымдастырылған әскер әскери ұйымдастыруы нашар әскерден әлдеқайда тактикалық артықшылыққа ие болады» [Крадин, 1992: 142–143]. Ондық жүйе түркі және моңғол көшпенділерінің әскери-ұйымдастыру құрылымының негізі болып қана қоймай, ұзақ жылдар бойы бағынышты халықтарға да айтарлықтай ықпал етті [Кушкумбаев, 2013: 93]. Сонымен, Жошы ұлысындағы ондық жүйе мен нояндық лауазымдардың қалыптасуын моңғолдық саяси модельдің көшірмесі ретінде емес, аймақтағы көне түркі әскери-әкімшілік дәстүрлерінің жаңғыртылуы әрі бейімделуі деп бағалауға болады.

Әртүрлі тайпалар мен конфессиялар өмір сүрген мемлекетте қоғамдық қатынастар оның саяси жүйесіне де айтарлықтай өзгерістер енгізетіні белгілі. XIV ғасырдан бастап Алтын Орда билік жүйесінде ауқымды өзгерістер жүзеге аса бастады. Біріншіден, саяси элита арасында исламдану үдерісі күшейіп, бұл басқару құрылымында исламдық институттардың рөлінің артуына ықпал етті. Екіншіден, билік жүйесінде «шыңғыстық» фактордың маңызы төмендеп, тайпа бектерінің саяси ықпалы артып, мемлекеттік басқару ісіндегі рөлі айтарлықтай күшейді. Бұл үрдістер Алтын Орданың саяси құрылымындағы тарихи дамудың заңды жалғасы ретінде қарастырылады.

Ұзақ уақыт бойы Жошы ұлысы аумағында жергілікті халық пен билеуші әулет өкілдері, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік топтар арасында діни сенімдерге қатысты төзімділік сақталғаны белгілі. Көпконфессиялы қоғамда бірлік пен діни төзімділік ең өзекті мәселелердің бірі. Алайда, толеранттылық көбіне қазіргі заманғы дамыған қоғамдарға тән құбылыс ретінде қарастырылады. Дегенмен, толеранттылықтың ортағасырлық үлгісін Шыңғыс хан империясынан байқауға болады. Зайырлы дүниетанымының негізінде ол өзге діндер мен наным-сенімдерге тыйым салмады. Бұл дінге қатысты ұстанымды Шыңғыс ханның мұрагерлері де жалғастырды. Түрлі діни наным-сенімдер мен мәдениеттерге толеранттылықпен қарау «Ұлы Жасақ» заңдарында бекітіліп, шіркеу, мешіт және ғибадатханалар салынып, діни қызметкерлерге мемлекет тарапынан көптеген жеңілдіктер жасалды.

XIII ғасырдың ортасынан бастап Жошы ұлысының саяси элитасы арасында діни жіктелістің алғашқы белгілері байқала бастады. Христиандық күштерге арқа сүйеген Бату ұрпақтары Сартақ пен Ұлақшы өз биліктерін нығайтып үлгерместен, 1257 жылы Шыңғыс әулеті билеген аймақтардың ішінде алғашқы мұсылман билеуші ретінде Жошы ханның үшінші ұлы Берке Алтын Орда тағына отырды. Орталық биліктің кейбір өкілдері Сартақ пен Ұлақшыны Бату ханның мұрагерлері ретінде қолдағанымен, билік пен қоғам арасындағы мұсылман күштерінің ықпалы айқын байқалды. Берке ханның билігі (шамамен 1257–1266 жж.) мемлекеттің одан әрі даму бағытын түбегейлі айқындады. Алайда, ұлыс пен билеуші әулет арасында ислам діні кең таралуы үшін шамамен 50 жыл қажет болды. Дінтанушы З.З. Жандарбек Берке хан ұстанған Наджм ад-дин Кубра негізін қалаған кубравийа тариқаты түркі-моңғол халықтарының дәстүрлі рухани дүниетанымына жат болғандықтан, бұл үрдіс кеңінен таралмаған деген тұжырымды алға тартады [Жандарбек, 2006: 60].

Алтын Орданың саяси құрылымындағы ірі өзгерістер 1313 жылы Өзбек ханның билікке келуімен тығыз байланысты болды. Зерттеушілер оның отыз жылдық билік кезеңін хан билігінің нығаюы, саяси тұрақтылық және экономикалық өркендеумен сипаттайды. Өзбек хан Алтын Орда

әкімшілік жүйесіне, сот, дипломатия және басқа да мемлекеттік істерге мұсылман институттарын белсенді енгізу арқылы маңызды саяси қадам жасады. Бұл өзгерістер мемлекеттегі құқықтық институттардың дамуына жол ашты [Почекаев, 2009: 147]. Атап айтқанда, мемлекет ішінде мұсылмандардың діни соты ретінде қазы қызметі тұрақты жұмыс істей бастады. Алайда, ортағасырлық деректерді талдау нәтижесі көрсеткендей, Алтын Орданы Өзбек хан билігінен бастап шарифат заңдарына толықтай бағынатын мемлекет ретінде қарастыру қате тұжырым болар еді. Р.Ю. Почекаев 1320 жылы мемлекеттің исламдану кезеңінде Алтын Ордада болған венгр миссионері Иоганканың хатына сүйене отырып, сот жүйесінде исламмен қатар өзге дін өкілдерінің, әсіресе айтарлықтай ықпалға ие болған несториандық христиандықты ұстанушылардың да қызмет еткенін атап өтеді [Почекаев, 2009: 153]. Алтын Ордаға қатысты бұл сұрақты қарастырғанда, оның геосаяси жағдайы мен этникалық құрамының күрделілігін ескеру қажет.

Шыңғыс әулеті билік еткен Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы және Хулагу мемлекетінде исламдану үдерісі «жоғарыдан төменге» бағытталған, яғни билеуші әулет көшпелі халықты исламдандыру саясатын жүргізді деген пікірлер де кездеседі [Landa, 2022: 648]. Бұл тұжырым билеуші элита мен дін иелері арасындағы өзара байланыс арқылы исламның идеологиялық құрал ретінде қолданылғанын аңғартады. Алайда, Жошы ұлысындағы көшпелі тайпаларға қатысты бұл үдерістің аталған аймақта VIII ғасырдан бастау алғанын, ал Алтын Орда кезеңін осы үдерістің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет. Н.Д. Нұртазинаның пікірінше, «Ортағасырлық Қазақстандағы исламдану VIII ғасырдан бастау алып, Қарахандар дәуірінде (X–XII ғасырлар) шарықтау кезеңіне жетті. Алтын Орда кезінде далалық аймақтарда ислам толық үстемдікке ие болып, осы діни-мәдени негіздер болашақта да сақталғандықтан, Қазақ хандығы толыққанды мұсылман мемлекеті ретінде қалыптасты» [Нұртазина, 2002: 68].

Өзбек, Жәнібек және Токтамыс хандардың билігі кезінде Сарай қаласында танымал шығыстық ғалымдарды шоғырландыру арқылы білім мен ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, Хорезм, Қажы-Тархан, Қырым мен Сырдария бойындағы қалалар ислам өркениетінің маңызды ғылыми және мәдени орталықтарына айналды [Муминов, 2018: 154]. Бұл діни-мәдени өрлеудің негізін XII–XIII ғасырларда өмір сүрген Наджм ад-Дин әл-Кубра мен Қожа Ахмет Ясауи қалаған. Бірі – Хорезм аймағында, екіншісі – Орталық Азия мен Оңтүстік Қазақстанда ислам дінінің сопылық бағыттарын кеңінен таратып, исламды жергілікті этномәдени ортаға бейімдеу арқылы оның орнығуына айрықша ықпал етті.

Аталған кезеңде Алтын Орданың билік жүйесіндегі трансформациялық үдерістердің негізгі қыры тайпа бектерінің саяси ықпалының артуымен сипатталады. XIV ғасырдан бастап тарихи деректер жоғарғы мемлекеттік лауазымдар – қараша бек, ұлыс бек және беклербек қызметтерінің Шыңғыс әулетімен тікелей туыстық байланысы жоқ тұлғалардың қолына өте бастағанын айғақтайды.

Төрт қараша бек «мемлекеттік кеңес» құрып, мемлекеттің әскери және сыртқы істеріне қатысты маңызды міндеттерді өз қолдарында шоғырландырды. Тарихи деректер қараша бектердің бастапқыда төмен деңгейдегі рөлі Өзбек ханның билігі кезінде айтарлықтай артқанын көрсетеді. Қараша бектердің жоғары мәртебесін Ибн Баттутаның Өзбек ханның қабылдауында болғаны туралы дерегі растайды: «Ханның екі жағында басты әмірлері отырды. Шатырға кірген сәтте наиб, уәзір, қазынашы (хасиб) және мөр сақтаушы, олар оны тамға деп атайды... Мен кіргенде олардың төртеуі де орнынан тұрды» [Ибн Баттута, 1988: 85]. Жошы ұлысындағы билік пен қоғамдық қатынастардың зерттелуін жаңа деңгейге көтерген еңбек – Ю. Шамильоглының монографиясы. Ғалымның тұжырымына сәйкес, Үлкен Ордадағы билік жүйесінде қият, қоңырат, маңғыт және салжығұт рулары, ал Қырым, Қазан және Қасым хандықтарында шырын, барын, арғын және қыпшақ рулары айрықша ықпалға ие болды [Шамильоглу, 2019: 183]. Бұл пайымға ғалым жоғары лауазымды қызметтерде аталған рулар өкілдерінің жиі кездесетіндігіне сүйене отырып келген [Шамильоглу, 2019: 184]. Аталған реттік-рулық жүйе Алтын Орда ыдырағаннан кейін де отырықшы аймақтардағы бірқатар хандықтарда өз жалғасын тапты.

Ұлыс бектерінің қызметі Алтын Орда мемлекетінің аймақтық басқару жүйесінде маңызды орын алды. Ұлыс бек – Алтын Ордадағы аймақтық басқарушылар. Бату және оның мұрагерлері тұсында бұл қызметті Жошының ұрпақтары атқарған. Тарихи деректерде Өзбек ханның билікке келген кезеңінде 120 Шыңғыс әулетінің өкілін өлім жазасына кескені туралы мәліметтер кездеседі [Сборник материалов..., 1941: 141]. Жошы әулетінен шыққан ұлыс бектерінің көпшілігі қуғындалып, ұлыстарынан айырылған [Утемиш-хаджи, 1992: 105]. Олардың орнына ұлыс бектер ретінде ру-тайпа аксүйектерінің өкілдері тағайындалды. Ортағасырлық саяхатшы Ибн Баттутаның Жошы ұлысына

жасаған сапары кезінде Хорезм аймағының әмірі Құтлық Темірге қатысты жазбаларынан ұлыс билеушісінің бірқатар функцияларын байқауға болады: «Адамдар оларға түрлі даулармен жүгінеді. Егер ол дау шарифат мәселесіне қатысты болса, шешімді қазы шығарады, ал басқа істер бойынша осы әмірлер шешім қабылдайды. Олардың шешімдері нақты әрі әділ, себебі оларды біртараптылық танытты деп айыптау мүмкін емес және олар пара алмайды» [Ибн Баттута, 1988: 75]. Бұл деректен әмірлердің өздеріне бөлінген аймақты басқарумен қатар, сот ісіне де тікелей араласқаны аңғарылады.

Жазбаша дереккөздердегі мәліметтердің толық болмауы Алтын Орда мемлекетінің әкімшілік-аумақтық жүйесінің қалыптасу мәселесін қазіргі күнге дейін ғылыми пікірталас тақырыбына айналдырып отыр. Ортағасырлық араб авторы әл-Қалқашанди өз жазбаларында ұлыстардың санын онға жеткізген [Григорьев, Фролова, 2002: 282–292]. Бұл мәселе алғашқылардың бірі болып 1985 жылы В.Л. Егоровтың іргелі зерттеуінде қарастырылған [Егоров, 2010: 164]. Кейіннен Ю.В. Селезнев XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Ордада шартты түрде жиырма екі ұлыстың аумағын анықтап, Арал теңізінің оң жағалауындағы аймақтың нақты қай ұлысқа кіретіні туралы деректердің жоқ екенін өз еңбектерінде атап өткен [Селезнев, 2009: 12]. Бату хан тұсында Жошы ұлысында 19 ұлыс болса, Өзбек ханның билігі кезінде жаңа ұлыстардың қосылуы нәтижесінде олардың саны 23-ке дейін өскен [Сабитов, 2013: 60].

Алтын Ордадағы ең жоғары лауазымдардың бірі – беклербек болды. Өзбек хан тұсынан бастап бұл лауазым мемлекеттегі ханнан кейінгі екінші маңызды орынға ие болып, Бердібек ханның қайтыс болуынан кейін формальді ханды басқару деңгейіне дейін көтерілген. XIV ғасырда моңғолдық «ноян» атауының орнына түркілік «бек» термині қолданысқа енді. Еуразия кеңістігінде қалыптасқан түркілік қағанаттар мен сұлтандықтардың әкімшілік басқару жүйесінде бек, бей, әмір атақтары маңызды иерархиялық орынға ие. Бек атауы алғаш көне түркі жазбаларында кездеседі. Білге қағанның үндеуінде «түркі бектері мен халқы» тіркесі қаратпа сөз ретінде жиі қолданылады [Ежелгі дәуір әдебиеті, 2013: 7, 11, 14, 21]. Аталған жазба ескерткіштері түркі қоғамының «қаған – бек – халық» құрылымдық жүйеде ұйымдасқанын көрсетеді [Кляшторный, Султанов, 2009: 186]. Парсы және араб деректерінде бұл лауазым иелері «әмір» атауымен белгілі болған.

Ендігі кезекте мемлекеттің саяси жүйесінде түркілік элементтердің нышандары айқын көріне бастайды. В.В. Трепавлов Алтын Орданың саяси жүйесіндегі қыпшақтану үдерісін талдай келе: «Юань империясындағы басқарудың қытайлану үдерісі және Хулагу мемлекетінде басқарудың ирандануы секілді, оғыз-қыпшақтық көпғасырлық мұра Жошы ұлысының құрылымында маңызды рөл атқарды. Бұл жағдай ежелгі түркілік саяси құрылым элементтерінің жүйелі түрде қалыптасқанын көрсетеді», – деген қорытындыға келеді [Трепавлов, 2014: 23]. Бұл мәселе туралы араб тарихшысы Әл-Омари: «Олар қыпшақтармен біте қайнаса араласып, табиғи және нәсілдік ерекшеліктерінен гөрі жер жағдайының ықпалы басым түсті. Соның нәтижесінде олардың барлығы нағыз қыпшақтарға ұқсап, бір атадан тарағандай болып кетті», – деп жазады [Сборник материалов..., 1884: 235]. Қыпшақтанушы Б.Е. Көмеков Алтын Орданың қыпшақтану үдерісіне туыстық, демографиялық, мәдени, сыртқы және ішкі саяси факторлардың ықпалын талдай отырып, моңғолдардың қыпшақ мәдени ортасында өздерінің мәдени келбетін жоғалтқанын атап көрсетеді [Көмеков, 2022: 49]. Аталған факторларға назар аударғанда мамлүктік Мысыр мен Алтын Орда арасындағы байланысты ескеру қажет. Жошылықтардың мамлүктер мен моңғолдар арасындағы саяси қақтығыста мамлүктер жағына шығуы екі жақты одақтың стратегиялық маңыздылығын айқындайды. Бейбарыспен одақ құру Берке ханға тәуелсіз саяси шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп, бұл шешімдер өз кезегінде Алтын Орданың дербестігін нығайтуға негіз болды [Favereau, 2017: 101]. Осы тұрғыдан алғанда, Алтын Орданың саяси құрылымындағы қыпшақтану үдерісі билік жүйесіндегі түркілік мемлекеттік дәстүрлердің сабақтастығын қамтамасыз етті деген қорытындыға келеміз.

Аталған лауазымның рөлі мен атқаратын функциялары туралы ғалымдар арасында әртүрлі пікір қайшылықтары бар. Оның себебі – бұл лауазымның рөлі, функциялары және тағайындалу принциптері әр кезеңде бірнеше рет өзгерген. В.В. Трепавловтың зерттеуіне сәйкес, Жошы ұлысында беклербек лауазымының пайда болуы XIV ғасырдың бірінші ширегінде, Тоқта мен Өзбек хандарының билік ету кезеңінен бастап қана байқалады [Трепавлов, 2014: 23]. Түрколог бұрынғы кейбір еңбектерінде Жошы әулетінің өкілдері Ноғай мен Елбасарды беклербек ретінде қарастырғанымен, бұл тұлғалардың аталған дәрежеге ие болғанын растайтын нақты деректер жоқ екенін атап өтеді. Автордың айтуынша, «негізінде, олар шығу тегі бойынша билеуші әулетке тиесілі болғандықтан, бектер бола алмайтын еді» [Трепавлов, 2014: 23]. Расында, тектік құқық негізінде Жошы әулетінің ұрпақтары жоғары мемлекеттік лауазымдарға бірінші кезекте ие болған. Әсіресе,

XIII ғасыр бойы «әскер қолбасшысы» лауазымы Шыңғыс әулетінің өкілдеріне тиесілі еді. Бату мен Берке хан тұсында бұл маңызды қызметке Жошының шөбересі Ноғай тағайындалған. Ноғайдың қазасынан кейін оның орнын Тоқтаның ұлы Елбасар басып, 1309 жылдың маусымынан 1310 жылдың мамырына дейін «әскер қолбасшысы» лауазымын атқарған. Бұл деректер Жошы ұлысында XIV ғасырға дейін билік иерархиясының тұрақтылығы мен әулет мүшелерінің мемлекеттік басқарудағы айтарлықтай ықпалын дәлелдейді. Алайда, XIV ғасырдан бастап бұл лауазымға Шыңғыс ұрпақтарынан бөлек, ықпалды рулардың өкілдері де тағайындала бастады. Мысалы, Өзбек ханның Алтын Орда билеушісі ретінде орнығып, ұзақ уақыт билік етуіне қолдау көрсеткен Құтлық Темірдің шығу тегіне қатысты пікірталастар бар. Кейбір ғалымдар оны қоңырат тайпасымен байланыстырады. Қалай дегенмен, тарихи деректер Құтлық Темірдің Шыңғыс әулетіне жатпағанын көрсетеді [Сабитов, 2016: 587].

Ортағасырлық араб тарихшысы әл-Омари Өзбек ханды сипаттай отырып, былай деп жазады: «Мемлекеттік істерде ол (Өзбек хан) жалпы жағдайға назар аударып, аса тереңдемеген. Өзіне берілген есептермен шектелді» [Сборник материалов..., 1884: 230]. Бұл мәлімет Өзбек хан билігі кезінде мемлекеттік басқаруда әмірлердің дербестігі мен ықпалының артқанын, негізгі саяси тетіктердің солардың қолына өткенін көрсетеді. Деректерде әмірлердің мемлекетаралық және сауда келісімдерімен айналысқаны белгілі. Атап айтқанда, Құтлық Бұқаның мәмлүк сұлтаны Салах әд-Дин Салихпен хат алмасуы [Сборник материалов..., 1884: 348], сондай-ақ Бердібек ханның венециялықтармен жүргізген келіссөздері кезінде Ягалтай, Маглу-бей және Құтлық Бұқа есімдерінің аталуы осының айғағы болып табылады [Григорьев, Григорьев, 2002: 115].

XIV–XV ғасырларда Алтын Орда мен Шағатай ұлысындағы саяси дағдарыстар, Қытайдағы Юань әулетінің биліктен кетуі және Ирандағы Хулагу мемлекетінің құлдырауы «шыңғыстық» идеологияның жаңа саяси жағдайларда өз маңызын жоғалта бастағанын айқын көрсетті. XIV ғасырда тайпа әмірлері мен бектерінің Алтын Ордадағы хан сайлауына ықпалы күшейіп, тіпті Шыңғыс ұрпақтарының тақ мұрагерлігіне қатысты шешімдерді өзгертуге дейін жетті. Өзбек ханның билігі кезінде зор саяси ықпалға ие болған тайпа ақсүйектері оның қайтыс болуынан кейін билікке белсенді араласа бастады. Оның бір айғағы – Өзбек ханның үлкен ұлы Тыныбекті мұрагер ретінде тағайындау туралы өсиетінің бұзылуы. 1333 жылдан бастап Тыныбек тақ мұрагері ретінде мемлекеттік істерге араласып, әскерді басқарған еді. Өзбек хан қайтыс болғанда, Тыныбек бұл кезде хан ордасында емес, Орта Азия аумағында жорықта жүрген болатын. Әкесінің өлімі жайлы хабарды алған Тыныбек өсиетке сәйкес таққа отыру үшін шұғыл түрде оралмақ болды. Алайда, анасы Тайдула әмірлермен астыртын келісім жасап, үлкен ұлына қарсы әрекет ұйымдастырып, билікті екінші ұлы Жәнібекке тапсырды [Сборник материалов..., 1884: 263–264]. Жәнібек ханның 15 жылдық билігінен кейін оның ұлы Бердібек әкесін өлтіріп, хан тағына отырады. Алайда, үш жылдан кейін Бердібек те дәл осындай тағдырға ұшырайды. Бұл оқиғалар желісі «Нар мойны Бердібекте кесілді» деген сөзбен тұжырымдалады [Кәрібаев, 2020: 142].

Бердібек ханның билігі кезінде мемлекеттің ішкі және сыртқы қайшылықтары ел ішіндегі сепаратистік үдерістердің басталуына алып келді. Бердібек хан қайтыс болғаннан кейін, Тоқтамыс хан таққа отырғанға дейінгі жиырма жыл ішінде Алтын Ордада шамамен жиырмаға жуық хан ауысты. Әрбір таққа таласушы үміткер өз билігінің легитимділігін арттыру мақсатында өз атынан теңге шығарып, керісінше, орталық билікті әлсіретіп жіберді. Орталық биліктің дағдарысы бағынышты аймақ басшылары үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды. Хандардың орыс князьдері алдындағы беделі әлсіреген сайын, олардың тәуелсіздікке деген ұмтылысы күшейе түсті. Бұл кезеңнің тағы бір маңызды ерекшелігі – орыстардың Алтын Орданың ішкі аумақтарына жасаған шабуылдары. Осы кезеңде Мамайдың тұлғасы Алтын Ордадағы беклербек институтының күшеюі мен әмірлердің хан билігіне ықпалын айғақтайтын маңызды мысал болып табылады.

Бердібек хан тұсында Мамай беклербек лауазымын атқарып, елдегі тәртіпті орнатуға ұмтылған мемлекет қайраткері ретінде танылды. Араб тарихшысы Ибн Халдунның мәліметіне сәйкес, Мамай Бердібек хан билігі кезінде барлық мемлекеттік істерді басқарған [Сборник материалов..., 1884: 390]. 1361 жылғы алауыздық кезеңінде Мамай сарайда үлкен ықпалға ие болып, Абдуллахты хан тағына отырғызды және өзін оның үкіметінің басшысы – беклербек ретінде жариялады. 1380 жылы қият тайпасынан шыққан беклербек Мамай Тоқтамыстың қолынан жеңіліс тапқаннан кейін, Алтын Орда сарайында қоңырат, шырын және маңғыт тайпа бектері билікте маңызды рөл атқара бастады.

Соңғы зерттеулер көрсеткендей, «Ұлы дүрбелең» кезеңі Алтын Орда мемлекетінің ішкі саяси тұрақсыздығымен қатар, оның әлеуметтік-экономикалық және басқару жүйесінде жинақталған

мәселелердің терең дағдарыс кезеңіне әкелгенін дәлелдейді. Ю. Шамильоғлының зерттеуінде XIV ғасырдың ортасында Алтын Ордада таралған індеттің демографиялық апатқа, урбанизацияның құлдырауына, әлеуметтік құрылымның күйреуіне, саяси тұрақсыздық пен билік иерархиясының ыдырауына алып келгенін дәлелдей отырып, бұл үдерістердің мемлекеттегі мәдени, діни және басқару жүйелеріне де ұзақ мерзімді әсер еткенін көрсетеді [Schamiloglu, 2017: 325–343]. Бұл кезеңде көшпелі мемлекеттердің ыдырау себептерін отырықшы және көшпелі халықтар арасындағы экономикалық шиеленіспен байланыстыратын ғалымдар да аз емес. Американдық тарихшы, антрополог Т.Д. Барфилдтің пікірінше: «Шағатай ұлысы Мәуереннаһрдың ресурстарына, Хулагу мемлекеті Иранның экономикасына, ал Алтын Орда славяндар мен орыс қалаларынан жиналған алымдарға тәуелді болды. Үгедей ұлысы мұндай экономикалық артықшылықтарға ие болмағандықтан, тәуелсіз хандық ретінде өмірі қысқа болды» [Барфилд, 2009: 176]. Ресейлік зерттеуші Н.Н. Крадин де осы тұжырымды қуаттайды: «Алтын Орда өз өміршеңдігін отырықшы қалалардың экономикасымен қамтамасыз етті. XV ғасырда көшпелі өмір салты әлемдік жүйе динамикасына сәйкес келмеді» [Крадин, 2007: 94]. Ал түркиялық тарихшы И.Х. Кемалоғлуның пікірінше, Алтын Орда Ресейдің тарихи дамуына тек саяси және экономикалық тұрғыда ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени деңгейде де айтарлықтай ықпал еткен. Зерттеуші лингвистердің мәліметтеріне сүйене отырып, орыс тіліне екі мыңнан астам түркілік сөздің енгенін атап өтеді. Сонымен қатар, ол Алтын Орданың үш ғасырлық үстемдігінің нәтижесінде орыс князьдіктерінің бір орталыққа бірігуі іске асқанын тұжырымдайды [Кемалоғлу, 2016: 278]. Қорыта айтқанда, Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлардың өзара байланысқан кешенді дағдарысының нәтижесі болды.

Тоқтамыс пен Темір арасындағы 1391 және 1395 жылдары болған шайқастар бүкіл Еуразия құрлығының тарихында бетбұрыс кезеңі болды. Тарихшылардың басым бөлігі Темірдің соққысы Алтын Орда үшін шешуші оқиға болғанын атап өтеді. Алтын Ордада Тоқтамыстың билікке келуі кезеңіндегі оқиғаларды сипаттайтын деректер бұл мемлекеттің ру-тайпалық құрамы туралы бірқатар мәліметтерді сақтап қалған. Тоқтамыс ханның жеке әскері шырын, барын, арғын және қыпшақ атты төрт тайпадан құралған [Кляшторный, Султанов, 2009: 257]. XV–XVI ғасырларда бұл төрт тайпа Қырым хандығының негізгі ықпалды тайпалары болған [Manz, 1978: 284]. Тоқтамыс пен Темір арасындағы шайқастарды сипаттайтын деректерде Тоқтамыс әскерін басқарған әмірлер мен нояндардың есімдері, сондай-ақ олардың шыққан тайпалары нақты көрсетілген. Мәселен, Әли Сүлеймен Суфи Қоңырат, Наурыз Қоңырат, Ақтау, Урусчук Қият, Исабек, Хасанбек Сарай, Көке-Бұғы, Жағлы би Бахрин және Қоңыр би есімдері аталады [Ноғайбаева, 2022: 107].

Осылайша, Алтын Орданың бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге ыдырау процесі басталды. Орталық биліктің әлсіреуі мен саяси тұрақсыздықтың күшеюі Қырым, Қажы Тархан, Бұлғар, Сібір, Маңғыт және Өзбек ұлыстарының саяси оқшаулануына алып келді. Бұл жағдай Жошы ұлысының әр бөлігінде аймақтық саяси элитаның дербестігін күшейтіп, орталықсыздану үдерісін үдете түсті. XIV ғасырдың соңынан бастап Шыңғыс ұрпақтарының билігі біртіндеп формалды сипат алып, шынайы саяси тетік тайпа бектері мен ықпалды әмірлердің қолына өте бастады. Бұл құбылыс тек Алтын Ордамен шектелмей, Моғолстан сияқты өзге Шыңғыстық мемлекеттерде де көрініс тапты. Мысалы, Моғолстанда дулат тайпасының әмірлері Шағатай әулетінен шыққан хандарды дәстүр бойынша таққа отырғызғанымен, нақты билік өз қолдарында шоғырланды. Дәл осындай жағдай Жошы ұлысының батыс бөлігінде де орын алып, Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде құрылған Ноғай Ордасында маңғыт тайпасының беделі айрықша артты. «Ұлы дүрбелең» кезеңінде Мамай сияқты, Едіге би де тарихи сахнаға аса ықпалды тұлға ретінде шықты. Ол өз билігін нығайту үшін Шыңғыс әулетінен шыққан, бірақ өзіне бағынышты хандарды таққа отырғызып, орталық билікті қалпына келтіруге тырысты. Жалпы осы кезеңдегі тайпа бектерінің билікке ұмтылысы мен Жошы ұрпақтары билігінің әлсіреуіне байланысты өзгерістер жайлы «Едіге» жырында Тоқтамыс ханның екі қызының: «Заманның айнығаны осы дағы, амал не, көндік тағдыр жазғанына-ай. Бас қамын ойлап қашқан патша, бектер, бұл елге бас болар ма бұрынғыдай?!» – деген жолдарынан аңғаруға болады [Бабалар сөзі, 2006: 303].

Тарихи деректерде Едігенің ресми лауазымы әртүрлі атаулармен, атап айтқанда, әмір, бек, би, ұлық бек ретінде кездеседі. В.В. Трепавлов Натанзидің «Темір Тоқтамысты жеңгеннен кейін сұлтан атағын Темір-Құтлық, ал әмір атағын Едіге иеленді» деген жазбасына сүйене отырып, беклербек атағын Едігеге дәл осы Темір-Құтлықтың бергенін алға тартады [Трепавлов, 2014: 24]. XV ғасырдан бастап Ноғай Ордасында хан сайлау рәсімі тек Едігенің немесе оның ұрпақтарының келісімімен

жүзеге асатын дәстүрге айналды. Осыған байланысты, Алтын Орданың қай өңірінде болмасын билікке келген хандардың жанында Едіге ұрпағынан шыққан беделді би немесе әмірдің қатар жүруі заңды саяси дәстүр ретінде орнықты. Бұл үрдіс биліктің легитимділігін сақтау мақсатында Шыңғыстық дәстүрді сырттай жалғастырғанымен, іс жүзінде исламдық құндылықтарға негізделген жаңа басқару формасының қалыптасуына алып келді. Едігенің билігін нығайтуына және беделінің артуына оның шығу тегін халифа Әбу Бәкір мен Баба Түкті Шашты Әзіз арқылы исламмен байланыстыратын генеалогиялық аңыз маңызды рөл атқарды [DeWeese, 1994: 404]. Осындай қасиетті тектен тарау биліктің діни тұрғыдан заңдылығын негіздеуге қызмет етті. Маңғыт тайпасының белді өкілі Едіге 1405 жылға дейін Тоқтамыс ханның өзімен, кейін оның ұлдарымен күрес жүргізіп, ақырында 1419 жылы өзінен бұрын шексіз билікке қол жеткізген беклербек Мамайдың тағдырын қайталады.

Қорытынды. XIV ғасырдан бастап Алтын Орда мемлекетінің саяси жүйесінде терең құрылымдық өзгерістер жүріп, тайпа бектерінің мемлекеттік басқарудағы орны мен ықпалы артты. Қараша бек, ұлыс бек, беклербек секілді жоғары лауазымдарға Шыңғыс әулетінен тыс тұлғалардың келуі билік иерархиясының жаңа сипат алуына негіз болды. Сонымен қатар, басқару құрылымының түркіленуі мен қыпшақтану үдерісінің күшеюі Еуразия кеңістігінде ұзақ мерзімді тарихи салдарлар тудырған маңызды трансформациялар қатарынан орын алды. Ислам дінінің мемлекеттің құқықтық және әкімшілік жүйесіне енуі шарифат нормаларының қолданылуына жол ашып, қазылар институтының қызметі мен діни төзімділік қағидасы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды тетігіне айналды.

Жалпы алғанда, тайпа бектерінің билік құрылымындағы рөлі тек Алтын Орда шеңберінде емес, Еуразиялық кеңістіктегі саяси және әлеуметтік өзгерістерге серпін берген тарихи феномен ретінде көрінді. Сондықтан бұл құбылысты жан-жақты зерделеу Алтын Орда мемлекетінің саяси эволюциясын терең түсінуге, сондай-ақ түркілік мемлекеттілік дәстүрінің сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді. Алдағы зерттеулерде Алтын Ордадағы тайпа бектерінің аймақтық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдау, олардың генеалогиялық шығу тегі мен билік құрылымындағы орнына қатысты деректерді жүйелеу, сонымен қатар беклербектердің құқықтық және дипломатиялық қызметтерін кешенді түрде зерделеу маңызды болмақ.

Әдебиеттер

- DeWeese, 1994 – *DeWeese D.* Islamization and Native Religion in the Golden Horde: Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. University Park: Pennsylvania State University Press, 1994. 638 p.
- Favereau, 2017 – *Favereau M.* The Golden Horde and the Mamluks // *Golden Horde Review*. 2017. Vol. 5. № 1. Pp. 93–115.
- Landa, 2022 – *Landa I.* The Islamization of the Mongols // *The Mongol World*, eds. May T., Hope M. Routledge. 2022. Pp. 642–661.
- Manz, 1978 – *Manz B.F.* The Clans of the Crimean Khanate, 1466-1532 // *Harvard Ukrainian Studies*. 1978. Vol. 2. No. 3. September. Pp. 282–309.
- Schamiloglu, 2017 – *Schamiloglu U.* The Impact of the Black Death on the Golden Horde: Politics, Economy, Society, Civilization // *Golden Horde Review*. 2017. Vol. 5. No 2. Pp. 325–343.
- Абзалов и др., 2023 – *Абзалов Л.Ф., Гатин М.С., Мустакимов И.А., Почекаев Р.Ю.* Ярлык о назначении эмира тумена из «Дастур ал-катиб» и статус темников в Улусах Хулагу, Джучи и Чагатая // *Золотоордынское обозрение*. 2023. Т. 11. № 3. С. 592–610.
- Бабалар сөзі, 2006 – *Бабалар сөзі*. Жүз томдық. Т.39. Алматы: Фолиант, 2006. 448 б.
- Барфилд, 2009 – Барфилд Т.Д. Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н.э. – 1757 г. н.э.). СПб.: Нестор-История, 2009. 248 с.
- Владимирцов, 1934 – *Владимирцов Б.Я.* Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1934. 224 с.
- Григорьев, Григорьев, 2002 – *Григорьев А.П., Григорьев В.П.* Коллекция золотоордынских документов XIV века из Венеции. Источниковедческое исследование. СПб.: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2002. 276 с.
- Григорьев, Фролова, 2002 – *Григорьев А.П., Фролова О.Б.* Географическое описание Золотой Орды в энциклопедии ал-Калкашанди. М.: Тюркологический сборник, 2002. С. 261–302.
- Егоров, 2010 – *Егоров В.Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. М.: КРАСАНД, 2010. 245 с.

- Ежелгі дәуір әдебиеті, 2013 – *Ежелгі дәуір әдебиеті*. 2-басылым / Құраст.: Қыраубаева А. Алматы: Ана тілі, 2013. 374 б.
- Жандарбек, 2006 – *Жандарбек 3.3. Ыасауи жолы және қазақ қоғамы*. Алматы: Ел-шежіре, 2006. 256 б.
- Ибрагимов, 1988 – *Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии*. М.: Наука, 1988. 128 с.
- Камалов, 2016 – *Камалов И.Х. Золотая Орда и русский улус (татарское влияние на Россию)*. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. 304 с.
- Кәрібаев, 2020 – *Кәрібаев Б. Алтын Орда дәуірінен қалған тарихи мәтелдер мен сөз тіркестері: мәні мен мазмұны // ҚазҰУ Хабаршысы*. Тарих сериясы. 2020. № 2 (97). 137–146 бб.
- Кляшторный, Султанов, 2009 – *Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей: от древности к Новому времени*. СПб.: Петербургское востоковедение, 2009. 432 с.
- Кумеков, Кузембаев, 2022 – *Кумеков Б., Кузембаев Н. Кипчакский фактор в Золотой Орде // Вестник КазНУ. Серия историческая*. 2022. № 3 (106). С. 41–53.
- Крадин, 2007 – *Крадин Н.Н. Кочевники Евразии*. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 416 с.
- Кушкумбаев, 2013 – *Кушкумбаев А.К. Содержание десятичной системы в военной организации монгольской эпохи // Военное дело кочевников Казахстана и сопредельных стран эпохи средневековья и нового времени: сборник научных статей*. Отв. ред. А.К. Кушкумбаев. Астана: ИП "BG-print", 2013. С. 80–95.
- Монтескье, 2017 – *Монтескье Ш.Л. О духе законов*. Пер. Аркадий Горнфельд. Москва: Рипол Классик, 2017. 840 с.
- Муминов, 2018 – *Муминов А.К. Научное наследие ханафитских ученых Центральной Азии и Казахстана*. Монография. Астана: Корпоративный фонд «Фонд поддержки духовных ценностей», 2018. 216 с.
- Нұртазина, 2002 – *Нұртазина Н.Д. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи мәдениеттанулық зерттеу)*. Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002. 208 б.
- Ноғайбаева, 2022 – *Ноғайбаева М.С. Алтын Орда тарихындағы тайпа бектерінің ролі мен қызметі // ҚазҰУ хабаршысы*. Тарих сериясы. 2022. № 3 (106). 105–112-бб.
- Почекаев, 2009 – *Почекаев Р.Ю. Право Золотой Орды*. Ред. И.М. Миргалеев. Казань: Издательство «Фэн» АН РТ, 2009. 260 с.
- Сабитов, 2016 – *Сабитов Ж.М. Происхождение Кутлук-Тимура, эмира хана Узбека*. Молодой ученый. 2016. № 1. С. 587–589.
- Селезнев, 2009 – *Селезнев Ю.В. Элита Золотой Орды*. Казань: Издательство «Фэн» АН РТ, 2009. 232 с.
- Султанов, 2001 – *Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана*. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 276 с.
- Тизенгаузен, 1884 – *Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды*. Т.1. СПб., 1884. 588 с.
- Тизенгаузен, 1941 – *Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды*. Т. 2. Москва-Ленинград, 1941. 605 с.
- Трепавлов, 2014 – *Трепавлов В.В. Беклербек в структуре монгольской и тюркской государственности // Золотоордынская цивилизация*. 2014. № 2 (4). С. 21–34.
- Утемиш-хаджи, 1992 – *Утемиш-хаджи*. Чингиз-наме. Алматы: Гылым, 1992. 296 с.
- Федоров-Давыдов, 1973 – *Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды*. Москва: МГУ, 1973. 180 с.
- Хара-Даван, 1991 – *Хара-Даван Э.Д. Чингисхан как полководец и его наследие*. Элиста: Калмыцкое книжное издательство, 1991. 222 с.
- Шамильоглу, 2019 – *Шамильоглу Ю. Племенная политика и социальное устройство в Золотой Орде*. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019. 260 с.

References

- DeWeese, 1994 – *DeWeese D. Islamization and Native Religion in the Golden Horde: Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition*. University Park: Pennsylvania State University Press, 1994. 638 p.
- Favereau, 2017 – *Favereau M. The Golden Horde and the Mamluks. Golden Horde Review*. 2017. Vol. 5. № 1. Pp. 93–115.
- Landa, 2022 – *Landa I. The Islamization of the Mongols. The Mongol World*, eds. May T., Hope M. Routledge. 2022. Pp. 642–661.
- Manz, 1978 – *Manz B.F. The Clans of the Crimean Khanate, 1466-1532. Harvard Ukrainian Studies*. 1978. Vol. 2. No. 3. September. Pp. 282–309.
- Schamiloglu, 2017 – *Schamiloglu U. The Impact of the Black Death on the Golden Horde: Politics, Economy, Society, Civilization. Golden Horde Review*. 2017. Vol. 5. No 2. Pp. 325–343.
- Abzalov et al., 2023 – *Abzalov L.F., Gatin M.S., Mustakimov I.A., Pochekaev R.Yu. Yarlyk o naznachanii emira tumena iz «Dastur al-katib» i status temnikov v Ulusakh Khulagu, Dzhochi i Chagataya. [The jarlyk on appointment of*

- amir-e tuman from the «Dastur al-katib» and status of temnik in the uluses of Hulagu, Jochi and Chagatay]. *Golden Horde Review*. 2023. T. 11. № 3. Pp. 592–610. [in Russian]
- Babalar sozi, 2006 – Babalar sozi [Words of the Ancestors]. Jüz tomдық. T. 39. Almaty: Foliant, 2006. 448 p. [in Kazakh]
- Barfield, 2009 – *Barfield T.D.* Opasnaja granitsa: kochevye imperii i Kitaj (221 g. do n. e. – 1757 g. n. e.). [The Dangerous Border: Nomadic Empires and China (221 BCE – 1757 CE)]. St. Petersburg: Nestor-Istoriya, 2009. 248 p. [in Russian]
- Vladimirtsov, 1934 – *Vladimirtsov B.Ya.* Obshchestvennyy stroy mongolov. Mongol'skiy kochevoy feodalizm [The Social Structure of the Mongols. Mongolian Nomadic Feudalism]. Leningrad: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1934. 224 s. [in Russian]
- Grigor'ev, Grigor'ev, 2002 – *Grigor'ev A.P., Grigor'ev V.P.* Kolleksiya zolotoordynskikh dokumentov XIV veka iz Venetsii [A Collection of 14th-Century Golden Horde Documents from Venice: A Source Study]. St. Petersburg: St. Petersburg University Press, 2002. 276 p. [in Russian]
- Grigor'ev, Frolova, 2002 – *Grigor'ev A.P., Frolova O.B.* Geograficheskoe opisanie Zolotoy Ordy v entsiklopedii al-Kalkashandi [Geographical Description of the Golden Horde in al-Qalqashandi's Encyclopedia]. *Tyurkologicheskii sbornik*. 2001. Moscow. Pp. 261–302. [in Russian]
- Egorov, 2010 – *Egorov V.L.* Istoricheskaja geografija Zolotoy Ordy v XIII–XIV vv. [Historical Geography of the Golden Horde in the 13th–14th Centuries]. Moscow: KRASAND, 2010. 245 p. [in Russian]
- Ejelgi dauir adebieti, 2013 – *Ejelgi dauir adebieti*. [Ancient Era Literature]. 2-basylym. Qurast.: Qyraubaeva A. Almaty: Ana tili, 2013. 374 b. [in Kazakh]
- Zhandarbek, 2006 – *Zhandarbek Z.Z.* Yassauı zholy zhane kazak kogamy [The Yasawi Path and Kazakh Society]. Almaty: El-shezhire, 2006. 256 b. [in Kazakh]
- Ibragimov, 1988 – *Ibragimov N.* Ibn Battuta i ego puteshestvija po Srednej Azii [Ibn Battuta and His Travels in Central Asia]. Moscow: Nauka, 1988. 128 p. [in Russian]
- Kamalov, 2016 – *Kamalov I.Kh.* Zolotaya Orda i ruskiy ulus (Tatarskoe vliyanie na Rossiyu) [The Golden Horde and the Russian Ulus (Tatar Influence on Russia)]. Kazan: Sh. Marjani Institute of History, 2016. 304 p. [in Russian]
- Karibaev, 2020 – *Karibaev B.* Altyn Orda daurinen kalgan tarikhi matelder men soz tirkesteri: mani men mazmuny [Historical Proverbs and Phrases from the Golden Horde Era: Their Meaning and Content]. *KazNU Habarsysy*. Tarih Seriyasy. 2020. No. 2 (97). Pp. 137–146. [in Kazakh]
- Klyashtorny, Sultanov, 2009 – *Klyashtorny S.G., Sultanov T.I.* Gosudarstva i narody Evraziyskikh stepey: ot drevnosti k Novomu vremeni. [States and Peoples of the Eurasian Steppe: From Antiquity to Modern Times]. St. Petersburg: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2009. 432 p. [in Russian]
- Kumekov, Kuzembaev, 2022 – *Kumekov B., Kuzembaev N.* Kipchakskiy faktor v Zolotoy Orde [The Kipchak Factor in the Golden Horde]. *Vestnik KazNU*. Seriya istoricheskaja. 2022. No 3 (106). Pp. 41–53. [in Russian]
- Kradin, 2007 – *Kradin N.N.* Kochevniki Evrazii. [Nomads of Eurasia]. Almaty: Daik-Press, 2007. 416 p. [in Russian]
- Kushkumbaev, 2013 – *Kushkumbaev A.K.* Soderzhanie desyatičnoy sistemy v voennoy organizatsii mongolskoj epohi [The Essence of the Decimal System in the Military Organization of the Mongol Era]. *Voennoe delo kochevnikov Kazahstana i sopredelnykh stran epohi srednevekovya i novogo vremeni: sbornik nauchnykh statej*. Ed. A.K. Kushkumbaev. Astana: IP "BG-print", 2013. Pp. 80–95. [in Russian]
- Montesquieu, 2017 – *Montesquieu Sh.L.* O duhe zakonov [The Spirit of the Laws]. Trans. Arkadij Gornfeld. Moscow: Ripol Klassik, 2017. 840 p. [in Russian]
- Muminov, 2018 – *Muminov A.K.* Naučnoe nasledie hanafitskikh uchenykh Central'noy Azii i Kazahstana [The Scientific Heritage of Hanafi Scholars of Central Asia and Kazakhstan]. Monografiya. Astana: Korporativnyj fond «Fond podderzki duhovnykh cennostej», 2018. 216 p. [in Russian]
- Nurtazina, 2002 – *Nurtazina N.D.* Qazaq мәдениеті және Ислам (тарихі мәдениетанулық зерттеу) [Kazakh Culture and Islam (A Historical and Cultural Study)]. Almaty: QazMÖĞZI, 2002. 208 b. [in Kazakh]
- Nogaybaeva, 2022 – *Nogaybaeva M.S.* Altyn Orda tarihyndagy taypa bekerinin roli men kyzmeti [The Role and Function of Tribal Beks in the History of the Golden Horde]. *KazNU Habarsysy*. Tarih Seriyasy. 2022. No. 3 (106). Pp. 105–112. [in Kazakh]
- Pochekaev, 2009 – *Pochekaev R.Yu.* Pravo Zolotoy Ordy. [The Law of the Golden Horde]. Ed. I.M. Mirgaleev. Kazan: Izdatel'stvo "Fen" AN RT, 2009. 260 p. [in Russian]
- Sabitov, 2016 – *Sabitov Zh.M.* Proishozhdenie Kutluk-Timura, emira hana Uzbeqa [The Origin of Kutluk-Timur, Emir of Khan Uzbek]. *Molodoj uchenyj*. 2016. No. 1. Ppp. 587–589. [in Russian]
- Seleznev, 2009 – *Seleznev Yu.V.* Elita Zolotoy Ordy [The Elite of the Golden Horde]. Kazan: Izdatel'stvo "Fen" AN RT, 2009. 232 p. [in Russian]
- Sultanov, 2001 – *Sultanov T.I.* Podnjatyje na beloı koshme. Potomki Chingiz-hana [Raised on a White Felt: The Descendants of Chinggis Khan]. Almaty: Daik-Press, 2001. 276 p. [in Russian]
- Tizengauzen, 1884 – *Tizengauzen V.G.* Sbornik materialov, odnosjashhihsja k istorii Zolotoy Ordy [Collection of Materials Relating to the History of the Golden Horde]. 1884. Vol. 1. St. Petersburg: Nauka. 588 p. [in Russian]

- Tizengauzen, 1941 – *Tizengauzen V.G.* Sbornik materialov, odnosjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy [Collection of Materials Relating to the History of the Golden Horde]. 1941. Vol. 2. Moscow: Izd. AN SSSR. 605 p. [in Russian]
- Trepavlov, 2014 – *Trepavlov V.V.* Beklerbek v strukture mongolskoi i tyurkskoi gosudarstvennosti [Beglerbegi in the structure of the mongol and turkic state system]. *Zolotoordinskaya tsivilizatsiya*. 2014. № 2 (4). Pp. 21–34. [in Russian]
- Utemish-Haji, 1992 – *Utemish-Haji*. Chingiz-name. [The Book of Chinggis]. Almaty: Gylym, 1992. 296 p. [in Russian]
- Fedorov-Davydov, 1973 – *Fedorov-Davydov G.A.* Obshhestvennyj stroj Zolotoj Ordy [The Social Structure of the Golden Horde]. Moscow: MGU, 1973. 180 p. [in Russian]
- Hara-Davan, 1991 – *Hara-Davan E.D.* Chingis-han kak polkovodec i ego nasledie. [Chinggis Khan as a Commander and His Legacy]. Elista: Kalmytskoe knizhnoe izdatel'stvo, 1991. 222 p. [in Russian]
- Shamiloglu, 2019 – *Shamiloglu U.* Plemennaia politika i socialnoe ustroistvo v Zolotoj Orde [Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde]. Monograph. Trans. Ch.I. Khamidova, Roman Hautala. Ed. I.M. Mirgaleev. Kazan: Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2019. 260 p. [in Russian]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 2

<i>Abdualy A.B., Dzhursunbaev B.A., Tokbolat S.T.</i> FROM UNCHARTED FRONTIER TO IMPERIAL DOMAIN: RECONNAISSANCE EXPEDITIONS IN THE KAZAKH STEPPE.....	272
<i>Айдарбаева Р.К., Уалиева С.К.</i> БОСҚЫНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ (XX Ғ. 30-ЖЖ.).....	290
<i>Ахметова У.Т.</i> ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ АРХЕОЛОГИЯСЫ.....	307
<i>Beisembayeva A.R.</i> KHAN UALI AND THE DECLINE OF KHANATE AUTHORITY IN THE EARLY XIX CENTURY.....	320
<i>Belyalova A., Zhengis Zh.Zh.</i> FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S AND ITS REPRESENTATION IN FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	330
<i>Egamberdiyev M., Akhantaeva A.</i> FIGURE OF OTEBAI AULIE AS A COMPONENT OF KAZAKH SACRED TRADITION AND HISTORICAL MEMORY.....	340
<i>Zhakibayeva G.B., Oteпова G.E., Kussainov D.Zh.</i> SYSTEMATIZATION OF ARCHIVAL DOCUMENTS ON THE CONQUEST OF SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE MIDDLE OF THE XIX CENTURY.....	352
<i>Зинуров Р.Н.</i> О МЕСТЕ ОСПАН БАТЫРА В КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ.....	364
<i>Карлыбаев М.А., Идрисов А.Р.</i> ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ АВТОРА КНИГИ «РАДД АЛЬ МАНХУЛ».....	377
<i>Kairullina A., Maksutova A.</i> PERSONALITY AND ACTIVITIES OF THE FIRST KAZAKH OFFICIAL OF THE MIDDLE ZHUZ: SHON BI EDIGEULY.....	388
<i>Касымова Д.Б., Каримова А.Е., Қудайбергенулы Б.</i> НЕМЦЫ В КАЗАХСКОЙ ССР В 1950–1970-е ГОДЫ: СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ.....	396
<i>Құмыспаев С.С., Избасарова Г.Б.</i> ПРОБЛЕМЫ ПОСТКОЛОНИАЛИЗМА И ДЕКОЛОНИЗАЦИИ В МИРОВОЙ И ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	415
<i>Қусайнова Ж.А., Бакирова Ж.Е.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫ: ТАРИХИ ЖАДТЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУ МЕН ТАРИХИ РЕКОНСТРУКЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	429

Муканова Г.К.

ПЛЮСЫ И МИНУСЫ КОРЕНИЗАЦИИ. НА ПРИМЕРЕ АКМОЛИНСКОЙ ГУБЕРНИИ, 1920-е гг.....446

Ногайбаева М.С., Туменбай Ы.Н.

XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ТАЙПА БЕКТЕРІНІҢ БЫҚПАЛЫ.....460

Оспанова А.Қ.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨШІ-ҚОН ТАРИХЫ: ҚҰЖАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ.....474

Сағнайқызы С., Сартаев С.А.

КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ РАБОТНИКОВ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ КАЗАХСТАНА (1925–1932 гг.) В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ.....490

Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч.

ПОЛЬША АУМАҒЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: СЕРГЕЙ ВОРОПАЕВ КҮНДЕЛІГІ МЫСАЛЫНДА (1941–1945).....500

Темирханов Б., Муталиев М., Сауырқан Е.

XX Ғ. БАСЫНДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ АЛҒАН ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІ: «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ НЕГІЗІНДЕ.....510

Torgautova Sh.A., Sugirbaeva G.D.

TURAR RYSKULOV'S STATE ACTIVITIES IN THE FINANCIAL COMMITTEE UNDER THE COUNCIL OF PEOPLE'S COMMISSARS OF THE TURKESTAN ASSR IN 1922–1923 (DEDICATED TO THE 130TH ANNIVERSARY OF TURAR RYSKULOV'S BIRTH).....520

Тулепбергенов Г.М., Утегенов М.З.

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКИХ И БАШКИРСКИХ АУЛОВ В 50-60 ГГ. XX ВЕКА.....530



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.